

Теориялық материал

Үндестік заңы. Жалғаулар мен қосымшалардың үндестік заңына сәйкес жалғану ерекшеліктері және үлесі. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.

Сөзбен сөз арасында, түбір мен қосымша арасында, дыбыстырдың бір-біріне ықпал етіп, өзгеріп, айтылуын немесе жазылуын **үндестік заңы** дейді.

Үндестік заңының **екі** түрі бар:

1. Буын үндестігі
2. Дыбыс үндестігі.

Буын үндестігі сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып келуін айтады. мысалы: Әже, инелік. Ата, инабат, уақыт.

Дыбыс үндестігі сөз ішіндегі қатар келген 2 дыбыстың бір-біріне ықпал етуі. Дыбыс үндестігі 3-ке бөлінеді: *ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал.*

Буын үндестігі - сөз ішіндегі, сөз бен қосымша арасындағы дауыстылардың не бірыңғай жуан, не жіңішке болып айтылу заңдылығы. Буын үндестігін ғылымда **сингармонизм** заңы деп те атайды. Кейбір жағдайларда жуан және жіңішке дыбыстар аралас келеді. Бұл мұндай жағдайларда:

1. Басқа тілден енген сөздер (*кітап, қадір, мұғалім* т.б.)
2. Біріккен сөздер (*бойжеткен, баспасөз* т.б.)
3. Қос сөздер (*қыз келіншек, жоғары-төмен* т.б.)

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар

Қазақ тілінде осы қосымшалардың бір тобы соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарамастан, не жуан, не жіңішке қалпында қосылады.

1. Көмектес септік жалғаулары: **-мен, -бен, -пен** (*доп-пен, дос-пен* т.б.)
2. **-нікі, -дікі, -тікі** (*апам-дікі, қойшы-нікі*)
3. **-жаң, -тай, -тал, -дар, -еке, -тар** (*аға-жан, шеше-тай, білім-дар, ата-еке, сезім-тал* т.б.)
4. **-хана, -стан, -кент, -күнем** (*дәрі-хана, Пәкі-стан, Шым-кент, пайда-күнем* т.б.)
5. **-кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -ғой, -гөй, -кеш -уар** (қалам-гер, пәлекор, өнер-паз, кәсіп-қой, кіре-кеш, сөз-уар т.б.)
6. **-ов, -ев, -ин** (*Сейсенбеков-тің, Алмабаев-тың*). Мұнда қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады.
7. Қазақ тілінде басқа тілден енген сөз алдынан қосылатын **бей-, би-** қосымшалары да үндестік заңына бағынбайды (*бей-берекет, бейшара, бей-тарап* т.б.)

